

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Қостанай облысы Таран ауданы Павлов ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 мамырда № 8428 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Павлов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Павлов ауылдық округі әкімінің 03.02.2020 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Таран аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 01-20/144 ұсынысының негізінде, Павлов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Таран ауданы Павлов ауылдық округінің Апановка ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының туындауына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Таран аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Таран аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Таран ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларын жүргізу ұсынылсын.

3. "Павлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жарияланғанынан кейін Таран ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлов ауылдық округінің әкімі

М. Жортынбаев

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Таран аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Б. Баймухаметов

шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Таран аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ А. Досмұхамбетов

"Таран ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ А. Леонович